Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

ТОО «СП «Caspi Bitum», бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Анықтамалар (Анықтамалар орындалатын Жұмыстардың ерекшелігіне және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарына байланысты Тапсырыс берушімен өзгертуге/толықтыруға/алып тастауға жатады)

1.1. Шартта төмендегі анықтамалар қолданылады:

1.1.1. «Апат» - Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналының іс-әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде орын алған, Жұмыстарды қалыпты және қауіпсіз технологиялық режимде жалғастыру мүмкін еместігіне әкелетін оқиға.

1.1.2. «Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі» - екі Тарап қол қоятын және Мердігердің барлық Жұмыстарды және/немесе олардың бір бөлігін орындау фактісін және Тапсырыс берушінің осындай Жұмыстардың нәтижелерін тиісінше қабылдауын куәландыратын құжат.

1.1.3. «Авторлық қадағалау» - автордың мыналарды бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері: 1)сәулет және қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асыратын құрылыс жобасын (құрылыс құжаттамасын) әзірлеуді; 2) құрылыс жобасын іске асыруды, оны әзірлеушілер, соның ішінде сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асырады.

1.1.4. «Уақытша ғимараттар мен құрылыстар» - Жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті, Жұмыстарды орындау кезінде салынатын және орнатылатын және Мердігердің жұмыстарын аяқтағаннан кейін бөлшектелетін барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді.

1.1.5. «Кепілдік мерзімі» - Мердігер өз есебінен және өз қаражатымен осы Шарт бойынша орындалған, Тапсырыс беруші Жұмыс нәтижелерін пайдалану кезінде анықтаған Жұмыстардағы ақауларды немесе кемшіліктерді жоюға міндеттенетін мерзімді білдіреді.

1.1.6. «Күнтізбелік кесте» - Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шарт бойынша Жұмыстарды бастау күнін, Жұмыстарды орындау кезеңдері бойынша бөлуді, жекелеген жұмыс түрлерін орындау кезектілігін, жекелеген жұмыс түрлерін орындау мерзімдерін, тұтастай алғанда осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімдерін, сондай-ақ жекелеген жұмыс кезеңдерін және тұтастай алғанда осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау құнын айқындайтын қосымша.

1.1.7. «Жұмыстарды бастау күні» - Күнтізбелік кестеде көрсетілген, Мердігер Жұмыс алаңында Персоналды, Жабдықты және Материалдарды, Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға дайын күйде ұстауға міндетті болатын күнді білдіреді.

1.1.8. «Жұмыстарды аяқтау күні» - Мердігердің Жұмыс нәтижелері туралы есепті ұсыну және Тараптардың осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қою күні.

1.1.9. «Жұмылдырудан босату» - Персоналды толық шығару, Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды, Мердігердің, Қосалқы мердігерлердің және Тапсырыс берушінің Жабдықтарын Жұмыс алаңынан бөлшектеу және шығару.

1.1.10. «Шарт» - осы Шарттың талаптарын, сондай-ақ Тараптар арасында Тараптардың өзара келісімі бойынша Шарттың ажырамас бөлігі ретінде ресімделетін қосымшаларды, келісімдерді, кепілдіктер мен міндеттемелерді білдіреді.

1.1.11. «Елішілік құндылық» - осы Шарт бойынша Мердігердің Жұмыстарындағы елішілік құндылықтың үлесі, оны Мердігер көзделген тәртіппен есептейді.

1.1.12. «Нысанды сақтап қою» - құрылысы аяқталмаған нысанның конструкцияларының, материалдарының және жабдықтарының сақталуын және сапалық сипаттамаларын қамтамасыз ету бойынша, оның құрылысын уақытша тоқтата тұру кезеңіне арналған шаралар кешені.

1.1.13. «Құпия ақпарат» - осы Шарттың талаптарын, Тараптың екінші Тарапқа кез келген уақытта немесе осындай Тараптың атынан жазбаша түрде, сызбалар, карталар, компьютерлік бағдарламалар түрінде немесе кез келген басқа нысанда ұсынылған немесе Мердігер Жұмысты орындау барысында жасаған немесе алған кез келген білімді, деректерді және ақпаратты, сондай-ақ осындай

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көздерден алынған барлық білімді, деректерді және ақпаратты білдіреді, егер осындай білім, деректер немесе ақпарат оларды ұсыну, жасау немесе алу сәтінде: 1) Тараптың заңды және шектеусіз иелігінде болмаса; 2) жалпыға қолжетімді білімнің немесе әдебиеттің бөлігі болып табылмаса.

1.1.14. «Құпия құжаттар» - Құпия ақпаратты қамтитын кез келген нұсқаулықты, спецификацияны, сызбаны, хатты, электрондық және/немесе факсимильдік хабарламаны, компьютерлік картаны немесе кез келген басқа материалды білдіреді. Шарттың 16-бабының мақсаттары үшін «Құпия ақпарат» термині «Құпия құжаттар» терминін қамтиды. «Құпия ақпарат», «Құпия құжаттар» терминдері Тапсырыс берушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау нәтижесінде Мердігерден алған білімін, ақпаратын және құжаттарын қамтымайды.

1.1.15. «Тұлға» - кез келген нысандағы кез келген жеке тұлғаны немесе кез келген заңды тұлғаны, не мемлекеттік органды немесе ведомствоны, не олардың аумақтық бөлімшелерін білдіреді.

1.1.16. «Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтары» - Тапсырыс берушінің осы Шартты тиісінше орындау мақсатында Мердігерге пайдалануға сататын немесе беретін жабдықтарын, қосалқы бөлшектерін, шығыс материалдарын, басқа да материалдарды білдіреді.

1.1.17. «Мердігердің материалдары мен жабдықтары» - Мердігер және/немесе оның Қосалқы мердігерлері Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тиісінше орындау үшін беретін немесе ұйымдастыратын жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді, шығыс материалдарын, басқа да материалдарды білдіреді. Бұл ретте «Мердігердің инструменттік материалдары мен жабдықтары» ұғымы Мердігер және/немесе оның Қосалқы мердігерлері Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажетті, (нәтижелері) Шарт бойынша Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігердің, Қосалқы мердігерлердің немесе олар Жұмыстарды орындағанға дейін тиесілі болған өзге де Тұлғалардың меншігінде қалатын материалдар мен жабдықтарды білдіреді. «Мердігердің монтаждалатын материалдары мен жабдықтары» ұғымы Мердігер және/немесе оның Қосалқы мердігерлері беретін немесе ұйымдастыратын, (нәтижелері) Шарт бойынша Жұмыстар аяқталғаннан кейін Нысанның бөлігіне айналатын және Тапсырыс берушінің меншігіне өтетін материалдар мен жабдықтарды білдіреді.

1.1.18. «Жұмылдыру» - Мердігер, Қосалқы мердігерлер Персоналының, Мердігер Материалдары мен Жабдықтарының Жұмысты орындау үшін қажетті Жұмыс алаңына келуін, қажетті Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды монтаждауды, сондай-ақ жұмысты бастауға дайындық жағдайын білдіреді.

1.1.19. «Нормалар» - құрылыс нормалары мен ережелері (ҚНжЕ), электр қондырғыларын орнату ережелері (ЭҚЕ), техникалық пайдалану ережелері (ТПЕ), қауіпсіздік техникасы ережелері (ҚТЕ) және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары.

1.1.20. «Нысан» - бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға, іске қосу-баптау жұмыстарына және нысанды пайдалануға беру актісіне сәйкес құрылыс заты, соның ішінде реконструкциялау, жаңғырту.

1.1.21. «Шарттың жалпы сомасы» - Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауға қажетті барлық шығындардың құнын қамтитын Жұмыстардың толық құнын білдіреді.

1.1.22. «Қалдықтар» - Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесінде пайда болған шикізат, материалдар, өзге де бұйымдар мен өнімдердің қалдықтары, сондай-ақ өздерінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер).

1.1.23. «Тапсырыс берушінің өкілі» - мемлекеттік органнан немесе ведомстводан не олардың аумақтық бөлімшелерінен басқа, Тапсырыс беруші Жұмыстарды жүргізуге, Жұмыстардың көлеміне және Шарт талаптары бойынша басқа да мәселелерге байланысты барлық мәселелерде оның мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген және Мердігер Жұмыс алаңына кіруге рұқсат беруге міндетті Тұлғаны білдіреді.

1.1.24. «Мердігердің өкілі» - мемлекеттік органнан немесе ведомстводан не олардың аумақтық бөлімшелерінен басқа, Мердігер тағайындаған және затқа қатысты барлық істер бойынша Жұмыс алаңында Мердігерді ұсынуға барлық өкілеттіктері бар Тұлғаны білдіреді.

1.1.25. «Тапсырыс берушінің техқадағалау өкілі» - Тапсырыс беруші Техникалық қадағалау бойынша функцияларды жүзеге асыруға арнайы уәкілеттік берген Тұлғаны білдіреді.

1.1.26. «Жобалау-сметалық құжаттама» - нысанның орналасқан жерінің қала құрылысы негіздемесін, экономикалық, сәулеттік, көлемдік-жоспарлау, функционалдық, технологиялық, конструкциялық, инженерлік, табиғатты қорғау және құрылысты жүргізу мен Нысанды пайдалануға тапсыру үшін қажетті көлемдегі өзге де шешімдерді қамтитын графикалық, есептік және мәтіндік материалдардың жиынтығы. Жобалау-сметалық құжаттама Нысанның құрылысы үшін қажетті Жұмыстардың көлемін, түрлерін, сапасын, тәртібі мен шарттарын айқындайтын Жұмыс жобасынан және Нысанның құрылысы үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, жұмыстардың және өзге де позициялардың құнын есептеуді және Жұмыс жобасының талаптарына сәйкес тұтастай алғанда Нысан құрылысының құнын қамтитын Сметалық құжаттамадан тұрады.

1.1.27. «Жұмыстар» - Мердігер Шарт бойынша «дайын күйінде» орындайтын құрылыс операциялары мен Ілеспе қызметтерді білдіреді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.1.28. «Жұмыс алаңы» - рұқсат етілген аудан шегіндегі учаске немесе учаскелер және/немесе Тапсырыс берушінің қолданыстағы өндірістік нысандары, онда Мердігерге Шарт талаптары бойынша Жұмыстарды жүргізу қажет.

1.1.29. «Жұмыстарды орындауға рұқсат» - заңнамада белгіленген тәртіппен берілген, Жұмыс алаңында Жұмыстарды орындауды бастауға құқық беретін құжатты білдіреді.

1.1.30. «Рұқсат-наряд» - Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің өндірістік нысандарына кіру құқығын беретін және Мердігердің жабдықталуының талаптарға сәйкестігін растайтын (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша) құжатты білдіреді.

1.1.31. «Жасырын жұмыс түрлері», «Жасырын жұмыстар» - құрылыс нысандарын пайдалануға тапсыру кезінде қабылдау комиссияларының визуалды бағалауы үшін қолжетімсіз және кейінгі жұмыстармен және конструкциялармен жасырылатын жекелеген Жұмыс түрлерін (іргетастарды орнату, гидрооқшаулау, арматура мен темірбетон конструкцияларындағы ендірілетін бөлшектерді орнату және т.б.) білдіреді. Бұл жұмыстар тиісті Нормалармен айқындалған тәртіппен кейінгі жұмыстар барысында олардың жабылуына дейін қарап-тексеруге және қабылдауға ұсынылады.

1.1.32. «Ілеспе қызметтер» - Мердігердің Жұмыстарды тиісінше орындауын қамтамасыз ететін қызметтерді, яғни технологиялық процестің мәнін сипаттауды, өнертабысты, жұмыс тәжірибесін беруді және Мердігердің Жұмыстарды тиісінше орындауы үшін қажетті кез келген басқа да қосалқы қызметтерді білдіреді.

1.1.33. «Жұмыстарды орындау мерзімі» - Жұмыстарды бастау күнінен бастап Жұмыстарды аяқтау күніне дейінгі кезең, егер Шарт Шарт талаптарына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылмаса.

1.1.34. «Қолданылу мерзімі» - Шарттың Шарт талаптарына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, Шарттың күші бар кезеңін білдіреді.

1.1.35. «Тарап» - Тапсырыс беруші немесе Мердігер.

1.1.36. «Қосалқы мердігерлік» - осы Шартты орындау шеңберінде Мердігер мен кез келген Тұлға (Тапсырыс берушіден немесе Мердігердің кез келген жұмыскерінен басқа) арасындағы Жұмыстардың бір бөлігін орындауға арналған кез келген келісімді немесе уағдаластықты білдіреді. «Қосалқы мердігер» - Қосалқы мердігерлік негізінде Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартқан кез келген тұлғаны білдіреді.

1.1.37. «Қосалқы мердігер» - Қосалқы мердігерлік негізінде Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартқан кез келген тұлғаны білдіреді.

1.1.38. «Техникалық қадағалау» - Шартта айқындалған тәртіппен және мерзімде құрылыстың сапасын, мерзімдерін, құнын, орындалған Жұмыстарды қабылдауды және нысандарды пайдалануға тапсыруды қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде құрылысты қадағалау.

1.1.39. «Техникалық спецификация» - Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Жұмыстарды орындаудың мазмұны мен нысанына, Жұмыстарды пысықтау тәртібі мен мерзімдеріне және Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қойылатын өзге де талаптарды қамтитын қосымша.

1.1.40. «Техникалық мамандар» - ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығына техникалық зерттеу жүргізу құқығына тиісті аттестаты бар сарапшы немесе өз құрамында аттестатталған сарапшылары бар аккредиттелген ұйым.

1.1.41. «Үшінші тұлға» - Тапсырыс беруші немесе Мердігер болып табылмайтын кез келген Тұлғаны білдіреді.

1.1.42. «Сарапшы» - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған, құрылыс саласындағы қызметтің белгілі бір бағыттары бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін сараптамалық ұйымдардың бірінің штатында тұратын жеке тұлға; «Жұмыс кезеңдері» - Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесіндегі аралық операциялар кешені.

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

3.1.1. Шарттың жалпы сомасына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: - құрылыс-монтаж жұмыстарының құны; - Персоналды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Жұмылдыруға/Жұмылдырудан босатуға және Мердігердің Жабдықтары мен Уақытша ғимараттарын, құрылыстарын монтаждауға/бөлшектеуге жұмсалған шығындар; - Тапсырыс берушінің нысанын қажетті жабдықтармен және материалдармен жарақтандыру, инфрақұрылым нысандарын салу; - барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу құны; - ҚНжЕ-ге сәйкес жабдықтарды іске қосу-баптау жұмыстары, монтаждалған жабдықты сынау, қадағалаушы жергілікті органдармен пайдалануға рұқсатты келісу; - қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындар, соның ішінде Жұмыс алаңын қалпына келтіру құны, Мердігердің Жұмыс алаңындағы қызметі нәтижесінде пайда болған Қалдықтарды шығаруға және кәдеге жаратуға және/немесе сақтауға/көмуге жұмсалған шығындар; - қажетті шығыс материалдарының құны; - Мердігер Персоналы мен Қосалқы мердігер Персоналының тамақтануын, тұруын, тасымалдауын ұйымдастыруға байланысты шығыстар және қажет болған жағдайда Мердігер Персоналын Жұмыс алаңынан эвакуациялау құны; - Ілеспе қызметтердің құны; - сақтандыру бойынша шығыстар; - дайын нысанды пайдалануға тапсыруға байланысты шығындар; - жұмыс комиссиясын қоса алғанда, мемлекеттік қабылдау немесе қабылдау комиссиясының актісі бойынша нысанды қабылдауға байланысты барлық шығыстар; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдар; - Мердігердің осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты өзге де шығыстары.

3.1.2. Мердігер Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, соның ішінде Шарт жасасу сәтінде орындалуға жататын Жұмыстардың толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды алдын ала көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Жұмыстарды аяқтау үшін қажетті жұмыс көлемі анықталса, Мердігер өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде шарт сомасын ұлғайтпай, Мердігердің күтпеген шығыстары есебінен Шартқа қосымшаларда ескерілмеген осы жұмыстарды орындайды. Кез келген жағдайда Мердігерде Тапсырыс берушіден жоғарыда көрсетілген анықталған жұмыс көлемін орындауға жұмсалған шығындарды өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

3.1.3. Мердігердің нақты шығыстары бағаны айқындау кезінде (сметаны жасау) ескерілген шығыстардан аз болып, Мердігер алған үнемдеу орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші осындай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

3.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

3.3.1. Аралық төлем көзделген шарттар үшін:

3.3.1.1. Орындалған Жұмыстар Актісіне / Жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша орындалған Жұмыстар Актісіне Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, оның негізінде шот-фактура/ төлемге шот (инвойс) жазып берілген, орындалған Жұмыс көлемінің 100 [(жүз)] %-ы жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс.

3.3.2. Егер Шартқа №1 Қосымшамен алдын ала төлем көзделсе, онда мұндай алдын ала төлем Мердігер төлемге шотты және Шартта айқындалған аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей, Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылатын мерзіммен жүргізіледі. Аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме, егер ол Қағидалардың 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз етпеген жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей жүргізеді. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

3.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

3.4.1. Шарт шеңберінде орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық үлесінің есебі электрондық құжат нысанында («Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) Орындалған жұмыстардың түпкілікті Актісімен бірге ұсынылады);

3.4.2. Шот-фактуралар;

3.4.3. Орындалған құрылыс жұмыстарының құны мен шығындары туралы анықтама;

3.4.4. Нысанды пайдалануға қабылдау актісі;

3.4.5. Белгіленген нысан бойынша жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-беру актісі (реконструкциялау/жаңғырту жұмыстары кезінде қолданылады);

3.4.6. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

3.5. Аралық төлемдер мен түпкілікті есеп айырысу аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып жүзеге асырылады

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.7. Шот/Шот-фактура орындалған жұмыстар актісінің негізінде жазылып беріледі және іске асыру бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР салық заңнамасына сәйкес) және Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы (күні қойылуы) тиіс.

3.8. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге дереу хабарлауы тиіс, ал Мердігер дауды Тапсырыс берушінің пайдасына шешкеннен кейін дауласпайтын бөлікке қайтадан шот ұсынуы тиіс. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

3.9. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе оған қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Мердігердің шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем шотта көрсетілген кез келген негіздемені кейіннен даулау құқығын сақтай отырып жүргізіледі.

3.10. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Тапсырыс берушіден алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға және ұсынуға міндеттенеді.

3.11. Мердігермен есеп айырысу кезінде, Мердігер Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге жататын соманы біржақты тәртіппен (өзара есепке алу тәртібімен) мына сомаға азайтуға құқылы екендігімен келіседі: Тапсырыс берушінің Мердігердің өз міндеттемелерін Тапсырыс беруші алдында орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін салатын айыппұл санкциялары және/немесе залалдары; - төленген аванстар; - Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге жататын кез келген берешегі.

3.12. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Мердігерге орындалған Жұмыстар үшін тиесілі төлем бойынша берешекті өтейді.

3.13. Осы Шарт бойынша ҚР-да Мердігердің атына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал ҚР-дан тыс жерлерде ақша аударуға байланысты барлық өзге де шығыстарды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, банк-корреспонденттердің банк комиссияларын Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің атына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

3.14. Тапсырыс беруші төлем пакеті құжаттарын, соның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін тиісінше ресімдемеуге және/немесе уақтылы ұсынбауға байланысты төлемнің кешіктірілуі үшін жауапкершілік көтермейді.

3.15. Шарт бойынша төлем Шарттың 21-бөлімінде көрсетілген Мердігердің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізіледі.

3.16. Тапсырыс беруші мен Мердігердің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне осындай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлама мерзімдерін бұзу немесе Мердігердің төлем деректемелерін дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілсе, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болып саналады. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алынған ақшаны Мердігерге аударуға міндетті, бұл ретте дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады.

3.17. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем осы Шартқа №10 «Төлемге шот/инвойс нысаны» Қосымшасында белгіленген нысан бойынша Мердігер ұсынған төлемге шот/инвойс негізінде (шот-фактураны ресімдемей), төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын шегере отырып жүргізіледі. Бұл ретте, Мердігердің құқығы бар: - егер қосарланған салық салуды болдырмау және кірістер мен капиталға салынатын салықтарды төлеуден жалтаруды болдырмау мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған резидент еместің кірістеріне салық салудың өзге де қағидалары көзделсе, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын өз бетінше қайтаруды жүзеге асыруға; немесе - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Мердігердің резиденттік елінде есепке алу мақсатында Қазақстан Республикасының көздерінен алынған кірістердің және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы салық органынан алуға. Салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де салық органынан анықтама алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы қолданыстағы халықаралық шарттардың ережелерінде (бұдан әрі – Конвенция) көзделген тәртіппен, салық базасын бұзуға және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі - MLI) ескере отырып, егер ол қолданылса, белгілі бір талаптар мен критерийлерді орындау негізінде Тапсырыс беруші Мердігердің кірістерін Қазақстан Республикасында салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы өз бетінше шешім қабылдауға құқылы.

3.18. Тапсырыс берушінің Конвенция ережелерін MLI ескере отырып, егер ол қолданылса, қолдану мүмкіндігін қарау мақсатында Мердігер Тапсырыс берушіге келесілерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынады: - Шарт жасасу күніне №13 «Резидент емес

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жұмыскерлер кепілдігінің нысаны» және №12 «Сауалнама парағы» Қосымшаларымен, сондай-ақ әрбір орындалған жұмыс актісімен; - Шарт жасасу күніне № 14,15,16 «Анкеталар» Қосымшаларымен. Бұл ретте Мердігер келесілерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды толтырады және ұсынады: - № 14 Қосымшаға, егер резидент емес Қазақстан Республикасымен Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған MLI ережелері қолданылмайды; - №15 Қосымшаға, егер резидент емес Қазақстан Республикасымен Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған негізгі мақсатқа міндетті тест (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») жүргізуді көздейтін MLI ережелері қолданылады; - №16 Қосымшаға, егер резидент емес Қазақстан Республикасымен Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған MLI ережелері қолданылады, ол.екі міндетті тестті жүргізуді көздейді: негізгі мақсатқа тест (principal purpose test немесе қысқартылған «PPT») және салықтық жеңілдіктерді жеңілдетілген шектеу (simplified limitation of benefits немесе қысқартылған «SLOB»). Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда Конвенция шеңберінде MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Шартқа №14,15,16 Қосымшаларда көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жаңартылған №14,15,16 Қосымшаларды және тиісті растайтын құжаттарды осындай жаңарту күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ төлем күнінен немесе қызметтер көрсету/жұмыстарды орындау актісі күнінен кешіктірмей, осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші Мердігердің ақпараты мен растайтын құжаттарының негізінде Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісі анықталған кезде, сондай-ақ Мердігер Шартқа көрсетілген қосымшаларға сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбаған/толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші салықтың төмендетілген мөлшерлемесін қолдану немесе Мердігердің Қазақстан Республикасындағы кірістерін босату бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы емес және Мердігердің кірісін төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстап қалады.

3.19. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде егер Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар, Мердігердің жұмыскерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері) болып табылатын, немесе Шарт шеңберінде Мердігер тартқан бірлесіп орындаушының (қосалқы мердігердің) жұмыскерлері (бұдан әрі – Жұмыскер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын болып танылса (яғни, осы Шартқа қол қойылған күнтізбелік жылда аяқталатын кез келген кезекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болса; осы Шарт қолданыста болса; орындалған жұмыстардың Акті(лері)не қол қойылса), онда осындай Жұмыскерлердің кірістері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығына (бұдан әрі – ЖТС) салық салуға жататыны айқындалған. Жұмыскерлердің кірістерінен ЖТС-ны уақтылы және толық ұстап қалу үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіппен орындалады.

3.19.1. Өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Шарт бойынша әрбір төлем кезінде әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызының 10 пайызынан есептелген соманы Жұмыскерлерден ЖТС төлеу есебіне ұстап қалады.

3.19.2. Мердігер Тапсырыс берушіге №11 Қосымшада көрсетілген нысан бойынша барлық Жұмыскерлер жөніндегі деректерді, осы Жұмыскерлердің төлқұжаттарының көшірмелерін (Жұмыскерлердің жеке басын куәландыратын басқа да заңнамада көзделген құжаттарды), Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өту туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері бар және Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, келесі мерзімдерде ақпарат ұсынады: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасасу жылының алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасасу күніне дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) орындалған жұмыстардың әрбір Актісіне қол қою күніне (ақпарат орындалған жұмыстар Актісіне қол қою жылының алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап орындалған жұмыстар Актісіне қол қою күніне дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге әрбір Жұмыскердің Қазақстан Республикасының аумағында 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын, болуын/болмауын анықтау және ЖТС сомасын анықтау үшін ұсынылады.

3.19.3. Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын барлық Жұмыскерлер бойынша, орындалған жұмыстар Актісімен бір мезгілде мыналар ұсынылады: 1) әрбір Жұмыскермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшартының) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі, Қазақстан Республикасына жіберілген; 2) Мердігердің резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген, еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде жалдамалы жұмыстан алатын Жұмыскердің кірістері туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжат, Мердігермен жасалған.

3.19.4. Осы Шарттың 3.19.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Мердігерге 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. күндерінен бастап орындалған жұмыстардың соңғы Актісіне қол қойылған сәттен бастап, Шарттың 3.19.2 және 3.19.3 тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттардың негізінде. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 3.19.5 тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Шартты аяқтау күніне келесі шарттар бір мезгілде орындалған кезде анықтайды: (1) барлық Жұмыскерлер бойынша Шарттың 3.19.2 тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылды; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын, белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде болған барлық Жұмыскерлер бойынша Шарттың 3.19.3 тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылды.

3.19.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы келесі тәртіппен анықталады: ЖТСқайт = ЖТСұст – ЖТК10%, мұндағы ЖТСқайт — Мердігерге қайтарылуға жататын ЖТС сомасы, ЖТСұст – Шарттың 3.19.1 тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, ЖТК – Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын барлық Жұмыскерлердің кірістері, егер бұл кірістер Шарттың 2.16.3 тармақшасында

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көрсетілген құжаттармен расталса. Табыс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болу күндерінің санына қарай анықталады.

3.19.6. Мердігер Шарттың 3.19.2 және 3.19.3 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, сондай-ақ егер осы Шарттың 3.19.2 тармақшасы бойынша ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Жұмыскерлердің кем дегенде біреуі Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын, болғаны анықталса, ол бойынша Шарттың 3.19.3 тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған болса, онда Тапсырыс берушінің Шарттың 3.19.1 тармақшасы бойынша ұстаған барлық ЖТС сомасы Мердігерге қайтаруға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Мердігер осы Шарттың тармағын тиісінше орындамаған, соның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді.

3.20. ҚР заңнамасы салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3.21. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, көрсетілген шарттың қағидалары қолданылады.

3.22. Осы арқылы Мердігер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен танысқанын растайды.

3.23. Мердігердің өзінің, Мердігер Персоналының, Мердігер Өкілінің, Қосалқы мердігерлердің, олардың Персоналының кінәсінен болған тоқтап қалулар немесе уақыттың артық жұмсалуы, сондай-ақ Апатты жою салдарынан туындайтын барлық шығындарды Мердігер төлейді және Тапсырыс беруші өтемейді.

4. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары, көлемі және орны

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері Шартқа № 4 қосымшада айқындалады, ал Жұмыстарды орындау шарттары, көлемі мен орны осы Шарттың № 1 және № 2 қосымшаларында, сондай-ақ Жобалау-сметалық құжаттамада айқындалады, бұл ретте Мердігер Күнтізбелік кестеде көзделген Жұмыстарды орындау басталған күннен немесе Шартқа қол қойған кезеңнен бастап 5 [бес] жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Жұмыстарды орындауға кірісуге міндетті.

4.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

4.3. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушіден өзі және өзінің қосалқы мердігерлері үшін Жұмыстарды жүргізуге Тапсырыс берушінің аумағына Рұқсат-наряд алуға міндетті.

4.4. Рұқсат-наряд алу үшін Мердігер осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық спецификацияның талаптарына сәйкес Мердігердің/қосалқы мердігердің Шарт бойынша барлық талаптарға жабдықталғанын куәландыратын барлық растайтын құжаттарды, соның ішінде құрылтай құжаттарының және жұмыскерлердің біліктілігін, рұқсат беру құжаттарын, лицензияларды, сертификаттарды растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады. орындалатын Жұмыстарға, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды және Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын, соның ішінде (қажет болған жағдайда) Мердігердің жабдықталуының Шарт бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру үшін Тапсырыс берушінің Мердігердің өндірістік базасына кіруін ұсынады. Құжаттарды ұсынбаған және/немесе Тапсырыс беруші қарау қорытындылары бойынша мәлімделген жабдықталуды растамаған кезде, Тапсырыс берушінің жазбаша жауабымен Рұқсат-нарядта сәйкессіздік жойылғанға дейін Мердігерге бас тартылады, бұл ретте Мердігер Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.5. Жұмыстарды бастау күні осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Күнтізбелік кестеде айқындалады.

4.6. Жұмыстар басталғанға дейін құрылыс алаңында Нысанның атауы, Тапсырыс берушінің, Мердігердің атауы, Нысан бойынша жауапты жұмыс өндірушінің тегі, лауазымы және телефоны көрсетілген ақпараттық қалқандар орнатылуы тиіс.

4.7. Шарт бойынша жұмыстарды Мердігер Күнтізбелік кестеге және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындайды. Шарт бойынша жұмыстарды Мердігер осы Шартта көрсетілген көлемде және мерзімде Жұмыстарды орындауға қажетті тиісті материалдық-техникалық қуаттарды, білікті адам ресурстарын пайдалана отырып орындайды.

4.8. Мердігердің міндеттеріне Нормаларға сәйкес жұмыс өндірісі жобасын әзірлеу және қолдану кіреді.

4.9. Мердігер Жобалау-сметалық құжаттаманың және нормативтік-техникалық құжаттаманың құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына қойылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.10. Мердігер Нормалармен, Жобалау-сметалық құжаттамамен және/немесе Шартпен белгіленген тәртіппен және құрамда Жасырын жұмыстарды куәландыруды, жауапты конструкциялар мен жабдықтарды аралық қабылдауды орындауды және құжаттауды қамтамасыз етеді.

4.11. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісіміншіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін басқаға беруге құқылы емес

4.12. Тапсырыс берушінің іс-әрекеттерімен байланысты емес, Жұмыстарды орындаудың кездейсоқ мүмкін еместігі қаупін оларды Тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін Мердігер көтереді.

4.13. Жұмыстардың қымбаттау қаупін, осындай қымбаттаудың себебіне қарамастан, Мердігер көтереді.

4.14. Құрылыс-монтаж жұмыстары Мердігермен «дайын күйінде» жүзеге асырылатындықтан, Жұмыстарды орындаумен байланысты барлық өзге де құрылыс тәуекелдерін де Мердігер көтереді

4.15. Осы Шартта міндеттемелер, жауапкершілік және Мердігердің кепілдіктері бөлігінде белгіленген шарттар, егер өзгеше көзделмесе немесе Шарт талаптарынан туындамаса, Қосалқы мердігерге тең дәрежеде қолданылады. Мердігер Тапсырыс беруші алдында Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға Мердігер тартқан өзінің қосалқы мердігерлерінің кез келген іс-әрекеттері, әрекетсіздігі үшін жауапты болады. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігердің қосалқы мердігерлері алдындағы кез келген жауапкершіліктен, сондай-ақ Мердігердің қосалқы мердігерлерінің Жұмыстарды орындауы салдарынан туындайтын үшінші тұлғалар алдындағы кез келген жауапкершіліктен қорғайды және босатады.

4.16. Тапсырыс беруші тарапынан мониторинг жүргізу мақсатында, Қосалқы мердігерлерді Жұмыстарды орындауға тарту кезінде, Мердігер Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша оған Қосалқы мердігерлік шарттарының, Қосалқы мердігерлікке және Жұмыстарға байланысты өзге де құжаттар мен ақпараттың көшірмелерін ұсынуға міндеттенеді. Мердігердің жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынудан бас тартуы, сондай-ақ дұрыс емес мәліметтерді қамтитын жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуы Тараптармен Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы деп танылады және Тапсырыс берушінің біржақты тәртіппен бұзу құқығының туындауына негіз болып табылады.

4.17. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған құжаттардың көшірмелерінің дұрыстығына күмән келтіретін жағдайлар туындаған кезде кез келген уақытта 4.16-тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Мердігерден талап етуге құқылы. Тапсырыс берушінің талабы түскен кезде, Мердігер Тапсырыс беруші сұратқан құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

4.18. Мердігердің мәртебесі және Жұмыстарға қойылатын талаптар.

4.18.1. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер Жұмыстарды орындау процесін бақылау және басқару құқығымен тәуелсіз мердігер ретінде әрекет етеді және Жұмыстардың нәтижелері үшін және Тапсырыс беруші ұсынатын Жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің (олар болған кезде) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, осы Шарт шеңберінде жекелеген жұмыс түрлерін орындаудың тәртібін, тәсілдерін және әдістерін реттейтін, қауіпсіздік техникасы, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес орындалатын Жұмыстардың тәртібі мен кезектілігін қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Осындай ішкі нормативтік құжаттар болған кезде, Тапсырыс беруші оларды Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігерге ұсынуы тиіс.

4.18.2. Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды «дайын күйінде» орындайды.

4.18.3. Мердігер Жұмыстар үшін Тапсырыс берушімен және мемлекеттік органдармен тиісінше келісілген және қажетті сараптамалардан өткен Жобалау-сметалық құжаттаманы пайдаланады.

4.18.4. Мердігер жобалау-сметалық құжаттамада және техникалық спецификацияда көрсетілген барлық Жұмыстарды орындауы тиіс. Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптары мен Шартқа қоса берілетін Техникалық спецификацияда көзделген Жұмыстарға қойылатын талаптар арасында қайшылықтар болған жағдайда, Мердігер Жұмыстарды жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген Жұмыстарға қойылатын талаптарға қатаң сәйкестікте орындайды.

4.18.5. Жасырын жұмыс түрлерін орындау және қабылдау тәртібі заңнамамен айқындалады. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша орындалған Жұмыстарды қабылдауы Мердігер Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар үшін көзделген атқарушы-техникалық құжаттаманың барлық пакетін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

4.18.6. Тапсырыс берушіде орындалатын Жұмыстарды қадағалау және тексеру мақсатында кіру, бақылау және инспекциялау құқығы сақталады, және Тапсырыс беруші орындалатын Жұмыстардың барысын кез келген тәртіппен, кез келген уақытта және өз қалауы бойынша, Тапсырыс берушінің жұмыскерлерін тарту жолымен немесе өзге де түрде инспекциялауға құқылы, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін кез келген уақытта Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарына қол жеткізе алады.

4.18.7. Егер Мердігер орындайтын Жұмыстардың көлемі Шарт талаптарына сәйкес келмесе немесе оның талаптарына сәйкес орындалмаса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге тиісті журналда Шарт бойынша Жұмыстарды орындау шартының бұзылуын көрсете отырып хабарлайды, ал Мердігер Жұмыстардағы ақаулар мен кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жояды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және Жұмыстардың талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4.18.8. Тапсырыс беруші Өкілінің қатысуы, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан инспекциялар мен бақылау Мердігерді Шарт бойынша оның міндеттемелері мен жауапкершілігінен босатпайды.

4.18.9. Мердігер немесе Мердігер Персоналы, Мердігер Өкілі, Қосалқы мердігерлер Тапсырыс беруші үшін қандай да бір міндеттемелер қабылдауға, сондай-ақ Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің жұмыскері және өкілі ретінде әрекет етуге құқылы емес.

4.18.10. Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді өз есебінен және өз қаражатымен (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Мердігер Персоналына, материалдарға, жабдықтарға, машиналарға, механизмдерге қатысты жалақыны, сыйлықақыларды, сақтандыруды және кез келген сипаттағы әлеуметтік төлемдерді төлеуді), Шарт пен заңнаманы тиісінше сақтай отырып, өз тәуекелі мен жауапкершілігімен орындайды.

4.18.11. Барлық қазба байлықтар, монеталар мен құнды заттар, сондай-ақ антиквариат заттары, құрылыстар және геология немесе археология тұрғысынан қызығушылық тудыратын өзге де қалдықтар немесе заттар, Жұмыс алаңында табылған, (тараптар арасындағы қатынастарда) Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады. Мердігер жоғарыда аталған заттардың немесе нәрселердің кез келгенін оның персоналы, жұмысшылары немесе кез келген басқа тұлғалар тарапынан алып тасталуын немесе зақымдалуын болдырмау үшін ақылға қонымды сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Осындай затты немесе нәрсені тапқан кезде, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға міндетті, ол осы жағдайда Мердігерге қалай әрекет ету керектігі туралы нұсқаулар бере алады.

4.18.12. Мердігер өзінің Қосалқы мердігерлерінің, олардың Персоналы мен өкілдерінің кез келген іс-әрекеттері немесе әрекетсіздіктері үшін, егер мұндай іс-әрекеттер немесе әрекетсіздіктер Мердігердің өзі жасағандай болса, толық көлемде жауапты болады. Кез келген Қосалқы мердігерлік шарты Шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

4.18.13. Мердігер өз міндеттемелерін Шарттың ережелері мен талаптарына, Тапсырыс берушінің нұсқауларына, Жобалау-сметалық құжаттамаға, техникалық спецификацияға және Күнтізбелік кестеге сәйкес, Жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз тәртібін сақтай отырып, тиісті ыждаһаттылықпен және мұқияттылықпен, негізсіз кідірістерсіз және Жұмыстарды тоқтатпай орындауға міндеттенеді. Күнтізбелік кестедегі, жұмыс өндірісінің ұйымдастырылуындағы немесе әдістеріндегі кез келген өзгерістер Тапсырыс берушімен жазбаша келісілуі тиіс.

4.18.14. Бір Жұмыс алаңында әртүрлі мердігерлермен әртүрлі шарттар шеңберінде жұмыстарды параллель орындау қажет болған жағдайда, Мердігер басқа мердігерлердің жұмыстарын орындауына кедергі келтіретін ешқандай әрекеттер жасамауға міндеттенеді. Әртүрлі мердігерлермен жұмыстарды параллель орындауға байланысты барлық даулы мәселелер және әртүрлі шарттар шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру тәртібін айқындау Мердігермен Тапсырыс берушінің Өкілімен, Тапсырыс берушіге қабылданған шешім туралы міндетті түрде хабарлай отырып шешіледі. Өзара әрекеттесу тәртібін Тапсырыс беруші айқындайды.

4.19. Мердігердің материалдары, жабдықтары және персоналы.

4.19.1. Мердігер өз есебінен Мердігердің Инструменттік материалдары мен жабдықтарын, оған қосалқы бөлшектерді, басқа да материалдарды ұсынады және оны Жұмысты орындау кезінде әрдайым жұмысқа жарамды күйде ұстауға міндеттенеді, егер олар заңнама талаптарына сәйкес сертификатталған болса.

4.19.2. Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын Инструменттік материалдары мен жабдықтары, оған қосалқы бөлшектері, қорлары және басқа да материалдары осы Шарттың талаптарына сәйкес келуі және Жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі талаптарына жауап беруі тиіс.

4.19.3. Инструменттік материалдар мен жабдықтарды жөндеу, жаңғырту, техникалық қызмет көрсету және ауыстыру Мердігермен өз есебінен ұйымдастырылады. Мердігер үздіксіз, тиімді және қауіпсіз Жұмыс жүргізу үшін қажетті Инструменттік материалдар мен жабдықтардың, жабдыққа қосалқы бөлшектердің жеткілікті санын ұстап тұруға жауапты болады.

4.19.4. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Инструменттік материалдардың үлгілерін ұсынуға, Тараптар келіскен тәртіппен Инструменттік жабдықтың жұмысын көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

4.19.5. Тапсырыс беруші және/немесе Тапсырыс берушінің Өкілі Мердігердің Инструменттік материалдары мен жабдықтарын тексеруді жүзеге асыруға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша сынақтарға немесе техникалық тексерулерге, қауіпсіздік тексерулеріне, сапа тексерулеріне немесе өзге де тексерулерге қатысуға құқылы болуы тиіс.

4.19.6. Монтаждалатын жабдықтар, материалдар мен Мердігердің қызметтері Мердігермен өз есебінен сатып алынады немесе жүзеге асырылады.

4.19.7. Шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті Монтаждалатын жабдықтардың, Мердігердің материалдарының тізбесі Жобалау-сметалық құжаттамамен айқындалады.

4.19.8. Бұл ретте, Мердігер Тапсырыс берушімен сапалық сипаттамаларды алдын ала келісуге, Тапсырыс берушіге сертификаттарды, төлқұжаттарды, сапаны растайтын және Нысанда пайдалануға жарамдылығын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттарды,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.7. Егер Жұмыстардың кезеңдерін қабылдау барысында немесе барлық Жұмыстарды толық қабылдау кезінде Жұмыстарда ауытқулар немесе орындалған Жұмыстардың сапасында кемшіліктер анықталса, Мердігер кемшіліктерді жою жөніндегі міндетті орындаудан жазбаша түрде бас тартса немесе Мердігер көрсетілген кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жоймаса, Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі кезекті төлемдердің кез келгенін мөлшерлес азайтуға немесе өз есебінен анықталған кемшіліктерді жоюға және Мердігерден келтірілген шығыстар бойынша тиісті растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай жою бойынша барлық шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

7.8. Орындалған жұмыстар актісіне қол қою кезінде Тапсырыс беруші тиісті түрде орындалған Жұмыстардың бір бөлігін қабылдауға және барлық растайтын құжаттар болған жағдайда Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардың осындай бөлігіне ақы төлеуге құқылы. Жұмыстардың қалған бөлігін қабылдауды Тапсырыс беруші Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жойғаннан кейін жүргізеді. Мердігер даусыз шот бойынша төлемді 30 (отыз) жұмыс күні ішінде алмаған жағдайда Тапсырыс берушіні хабардар етуі тиіс.

7.9. Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдау комиссиясының жұмысына қатысуға міндеттенеді. Мердігер нысанды пайдалануға қабылдау Актісін құрылыс саласындағы мүдделі мемлекеттік қадағалау органдарымен келіседі. Мердігер нысанды пайдалануға қабылдау Актісін жасауға қатысуға міндеттенеді, бұл ретте мердігер қабылдау комиссиясына техникалық қадағалаудың «құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындысын», авторлық қадағалаудың «орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындысын», Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығына сәйкес толтырылған орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының «сәйкестік туралы декларациясын» ұсынады. Сондай-ақ, Нысанды пайдалануға қабылдау актісі бекітілгеннен кейін Мердігер әрбір аяқталған құрылыс нысаны бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-да мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруды өз есебінен және өз күшімен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7.10. Мердігер құрылыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге қол қою үшін Нысанды пайдалануға қабылдау актісін жібереді және қосымша Тапсырыс берушіге екі Тарап қол қойған келесі құжаттарды ұсынады: • Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан бойынша орындалған Жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтама; • атқарушы техникалық құжаттаманы, геодезиялық есептерді ұсына отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау Актісі; зертханалық талдаулар мен сынақ қорытындылары, бұйымдар мен жабдықтарға паспорттар, сәйкестік сертификаттары және басқалар; • Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығына сәйкес техникалық қадағалаудың құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындысы, авторлық қадағалаудың орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындысы және сәйкестік туралы декларация.

8. Кепілдіктер және Сапа

8.1. Барлық орындалған Жұмыстардың сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТШ, САЛАЛЫҚ СТАНДАРТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

8.2. Орындалған Жұмыстарға кепілдік міндеттемелері нысанды пайдалануға қабылдаудың түпкілікті Актісіне қол қойылған сәттен бастап 12(оң екі) ай ішінде қолданылады.

8.3. Аяқталған нысанды пайдалану кезінде жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың 8.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға немесе Мердігерден Жұмыстарды өтеусіз қайта орындауды немесе Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз қаражатымен жоюға жұмсаған шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

8.4. Мердігер пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық спецификацияларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, олардың тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

8.5. Мердігер орындалатын Жұмыстарға барлық рұқсат беру құжаттары, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға рұқсаттар, лицензиялар, сертификаттар бар екеніне кепілдік береді.

8.6. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Мердігерді Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні орындалатын Жұмыстардың мерзімдеріне, көлемдері мен сапасына қатысты талаптарды одан әрі қою құқығынан айырмайды.

8.7. Мердігер осымен Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты шағым-талаптар қойған жағдайда, Мердігер осы кепілдіктердің талаптарын бұзған жағдайда, осыған байланысты барлық залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.2. Мердігердің жауапкершілігі:

9.2.1. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған Жұмыстардың түпкілікті Актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін;

9.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылық есебін ұсынбаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10%-нан аспайтын өсімпұл төлейді;

9.2.3. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады;

9.2.4. Мердігер Шартта келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.5. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімдері бұзылған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті; кемшіліктерді жою мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде;

9.2.6. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша (Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алу жағдайларын қоспағанда) орындалуы жүзеге асырылмаған немесе тиісінше орындалмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% мөлшерінде, осы Шарт бойынша Мердігердің міндеттемелерді орындамауының және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін (соның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелері) айыппұл төлеуге міндетті

9.2.7. Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

9.2.8. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды мердігерлік ұйымдарға қатысты сақтамағаны/бұзғаны үшін Мердігер/қосалқы мердігер Шартқа №9 Қосымшада көзделген жауапкершілікте болады;

9.2.9. Осы Шарттың 9-бөлімінде және Шартқа №9 Қосымшада көзделмеген, осы Шартты орындау кезінде өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер осы Шартқа сәйкес ресімделген құжаттың негізінде 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

9.2.10. Тапсырыс беруші Шарттың 10.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың 9.2.7-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

9.2.11. Шарт талаптарына сәйкес осы Шартты орындауға тартылатын қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін

9.2.12. Шарт талаптарына сәйкес Шартты орындау үшін тартылған Мердігер қызметкерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға жұмсалатын шығындарын ұлғайту жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін

9.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Мердігер белгіленген мерзімде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда, Мердігер бұл туралы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіні хабардар етуге және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша (шығысы жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) алынған ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтаруға жататын соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұлды әрбір мерзімі өткен күн үшін төлеуге міндетті

9.2.14. Мердігер Күнтізбелік кестені бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Күнтізбелік кестемен белгіленген, бұзушылыққа

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жол берілген есепті ай үшін орындалмаған Жұмыс көлемі сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.15. Жұмыстарды орындау кезінде құрылыс технологиясын бұзғаны, техникалық құжаттаманы нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген нормаларды бұза отырып жүргізгені, өндірістік (арнайы) журналдарды, жасырын және аралық жұмыстар актілерін, зертханалық қорытындылар мен геодезиялық есептерді, жұмыс өндірісі жобасын уақытында жасамағаны (толтырмағаны) немесе болмауы және тапсырыс берілген жабдықтар мен материалдар бойынша құрылыс нысаны туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсынбағаны үшін Мердігер Шарттың жалпы құнының 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 5%-нан аспайтын айыппұл төлейді;

9.2.16. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 9.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші 10.3.2-тармаққа сәйкес шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы

9.2.17. Кімнің пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін болса, сол Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

9.2.18. Тапсырыс беруші өз күшімен және өз есебінен Жұмыстардағы ақауларды және/немесе кемшіліктерді жойған жағдайда, Мердігер мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтейді;

9.3. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушіге тиесілі және өтелуге жататын нақты залал мен алынбай қалған пайда сомаларын осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге тиісті сомалардан ұстап қалуына келіседі.

9.4. Тұрақсыздық айыбын Мердігер тиісті хабарламаны және төлемге шот-фактураны алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде төлейді. Мердігер Тапсырыс берушінің Мердігерге тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шотының орындалған Жұмыстарға ақы төлеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртекті қарсы талаптарды есепке жатқызу мақсатында Өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне енгізілуі мүмкін екендігіне келіседі.

9.5. Мердігер Тапсырыс берушінің Мердігерге тиесілі төлемнен Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы сомасын, сондай-ақ Тараптар арасындағы осы Шарт және өзге де шарттар бойынша Тапсырыс берушіге тиесілі залалдар мен алынбай қалған пайда сомаларын ұстап қалуға құқылы екенін растайды және келіседі

9.6. Тапсырыс беруші төлеген аванстық төлемнен аз сомаға Жұмыстарды нақты орындау кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.7. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.7.1. Шарт бойынша төлемдерді (соның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

9.7.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

9.7.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

9.7.4. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

9.7.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

9.7.6. Тапсырыс беруші құжаттарды негізсіз кешіктіріп ұсынған (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктіруден келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау мерзімін Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбестен, осындай кешіктіруге мөлшерлес ұзартуға құқылы

9.8. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Мердігер туралы мәліметтерді «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз өнім берушілер (жеткізушілер) тізбесіне енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.9. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

9.10. Тапсырыс беруші төлеген аванстық төлемнен аз сомаға Жұмыстарды нақты орындау кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған (соның ішінде бұзылған) жағдайда, Тапсырыс беруші авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.11. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.12. Егер Мердігер Жұмыстардың уақтылы орындалмауы немесе Мердігердің барлық немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

9.13. Шарттың 9-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше жағдай туындаған кезде, Тапсырыс беруші бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға шектеусіз

9.14. Кімнің пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін болса, сол Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

10.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

10.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

10.3.3. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

10.3.4. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

10.3.4.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

10.3.4.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

10.3.5. Тараптардың бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде. Жұмыстардағы негізделген орынсыздыққа байланысты сатып алу шартын орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Мердігерге оның нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

10.3.6. Шартты бұзу Мердігерді банкрот деп жариялаған, төлемге қабілетсіз деп танған, сондай-ақ Жұмыстарды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың), соның ішінде Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттардың қолданылуы тоқтатылған/болмаған жағдайларда дереу жүзеге асырылады. Осы тармақтың қолданылуын Тапсырыс беруші сондай-ақ Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары негізінде қолдануы мүмкін.

10.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Шартты жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты бұзған кезде, Мердігер тек Шартты орындауға байланысты бұзылған күнге дейінгі нақты шығындарға ақы төлеуді талап етуге құқылы.

10.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өтеуді талап етуге құқығы бар.

10.7. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігер Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

11. Хат-хабар

11.1. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарлама, есеп, сұрау салу, талап, бекіту, келісім, нұсқау, тапсырыс, сертификат немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен, факс/электрондық нұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын кейіннен ұсыну арқылы жеткізілуі тиіс, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған және Мердігердің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хат-хабарды қоспағанда. Егер Шартта Мердігердің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Мердігер оны Тапсырыс берушіге ұсынбаса, Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай Мердігердің ресми электрондық мекенжайы болып саналады. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Тараптардың деректемелері мен Шарттың нөмірі болуы тиіс.

11.2. Электрондық және/немесе тапсырыс поштамен, курьерлік поштамен, телеграммамен немесе факспен жіберілген (ертерек алынғанын растау болмаған кезде) кез келген хабарлама оның алынғаны туралы белгі қойылған сәтте жеткізілген болып саналады.

11.3. Жұмыс барысындағы хат алмасудың барынша жеделдігін қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы хат алмасу түпнұсқаларды қағаз тасымалдағышта Тараптардың мекенжайына кейіннен жіберу арқылы электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

11.4. Барынша жеделдікті қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы жұмыс барысындағы хат алмасу электрондық пошта арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай тәсілмен жіберілген жағдайда

12. Шарттың мерзімі (Шарттың күшіне енуі және оның қолданылу мерзімі Тапсырыс берушінің ішкі талаптарына байланысты өзгертілуі мүмкін)

12.1. Осы Шарт екі Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да дүлей зілзалалар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, Жұмыстарды орындауға тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де жолмен кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болса, бұл жағдайлар Тараптардың еркіне тәуелді болмаса және Тараптардың кез келгенінің өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпесе, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, еңсерілмейтін күш жағдайларына қызметкерлердің ереуілдері, кредиттік қаржыландыруды алу мүмкінсіздігі, нарықта қажетті материалдардың/жұмыстардың/қызметтердің болмауы, қаржылық және экономикалық дағдарыстар, соның ішінде теңгеге қатысты валюта бағамының өзгеруі және т.б. жатпайды.

13.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде кез келген Тарап олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты осы жағдайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуы тиіс.

13.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайларының, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлардың әрекет ету уақытына сәйкес кейінге шегеріледі.

13.4. Шарттың 13.2-тармағында көрсетілген тәртіппен хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде кез келген жоғарыда аталған мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

13.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкінсіздігі 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы болады.

13.6. Мердігер еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету кезеңінде орындалған Жұмыстарды және Мердігердің барлық Материалдары мен Жабдықтарын, ресурстарын және Жұмыстармен байланысты, Тапсырыс берушіден салынған және қабылданған басқа да позицияларды барлық залал, зақымдану, жойылу түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті. Күнтізбелік кесте Тараптармен еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету мерзіміне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

14. Дауларды шешу тәртібі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

14.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

14.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14.3. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Мердігер төмендегі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды: - мемлекетпен байланысты тұлға және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары (бар/жоқ). Мердігер қандай да бір Саяси маңызы бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған не Мердігердің тікелей немесе жанама қатысу үлесін сатып алған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек қана заңды қаржыландыру көздері бар: - Мердігер мен оның Аффилиирленген тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Мердігер немесе оның қандай да бір Аффилиирленген тұлғалары осындай құқыққа қарсы әрекеттерді жасағаны үшін соттала немесе жасағаны үшін кінәлі деп танылса, Мердігер Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді. - Мердігер "CASPI BITUM "БК" ЖШС Іскерлік этика кодексімен және Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Мердігер Іскерлік этика кодексін және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын толық түсінетінін куәландырады

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

16.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

16.3. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

17. Зияткерлік меншік

17.1. Осы Шарт шеңберінде Мердігер жасаған және әзірлеген ақпаратқа қатысты зияткерлік меншіктің барлық құқықтары және барлық өзге де мүліктік құқықтар мен құқықтар Тапсырыс берушіге тиесілі. Егер Мердігер мұндай ақпаратты тапса, әзірлесе немесе жасаса, және осы ақпаратқа байланысты авторлық құқық немесе кез келген басқа зияткерлік меншік құқығы немесе басқа да құқықтар туындаса, бұл жұмыстар, зияткерлік меншік және құқықтар осы келісімшарт бойынша жалдау арқылы орындалған жұмыс болып табылады және бұл құқықтар Тапсырыс берушінің айрықша меншігі болып табылады. Мердігер Тапсырыс берушіге ақпаратқа зияткерлік меншік құқығын қорғауды алуға немесе қамтамасыз етуге, соның ішінде өтінімдер мен беру құжаттарына қол қоюға көмектесуі тиіс.

17.2. Шарттық ақпараттың кез келгенін толық немесе ішінара қамтитын немесе көрсететін барлық көшірмелер, үзінділер, сызбалар және басқа да материалдар бірінші орын алатын оқиғадан кейін отыз жұмыс күні ішінде: (а) осы Шарттың қолданылуын тоқтату; немесе (б) Жұмыстарды аяқтау күнінен бастап Тапсырыс берушіге қайтарылуы немесе жеткізілуі немесе жойылуы тиіс

17.3. Егер ақпарат Мердігер пайдаланатын компьютерлік жүйелерге немесе басқа да деректерді сақтау жүйелеріне көшірілген болса, барлық осындай деректер жазбалары оларды оқылмайтын ететін тәсілмен жойылуы тиіс, (осы Шартты жария етуге қатысты барлық шектеулерді ескере отырып) үнемі жасалатын электрондық деректердің резервтік көшірмесінің бөлігі ретінде ғана бар, жойылуы негізсіз және іс жүзінде мүмкін емес ақпаратты қоспағанда.

17.4. Мердігер осымен Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты шағым-талаптар қойған жағдайда, Мердігер осы кепілдіктердің талаптарын бұзған жағдайда, осыған байланысты барлық залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

18. Сақтандыру

18.1. Осы Шарт немесе заңнама бойынша өз міндеттемелерін шектеместен, Мердігер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болатын, осы Баптағы сақтандыру жабуларының тізіміне сәйкес сақтандыру қорғанысын сатып алуы немесе қамтамасыз етуі тиіс. Сақтандыру шарттары заңнамаға сәйкес сақтандыру ұйымдарымен жасалады және сақтандыру қорғанысы Тапсырыс берушінің осындай сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ететін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Мердігер кем дегенде келесі сақтандыру жабуларын қамтамасыз етеді (Жұмыстардың ерекшелігіне байланысты сақтандыру түрлері өзгертілуі мүмкін):

18.1.1. Персоналды сақтандыру. Жұмыс берушінің қызметкерге еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыру.

18.1.2. Жалпы жауапкершілікті сақтандыру. Кез келген оқиға немесе оқиғалар қатары үшін Үшінші тұлғалар алдындағы жалпы жауапкершілікті сақтандыру, оның ішінде Апат салдарынан байқаусызда ластану және ластану үшін жауапкершілікті, заңнамада белгіленген мөлшерде осы Шарт бойынша Мердігердің Жұмыстарын жабумен.

18.1.3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру. Заңнама талаптарына сәйкес, заңнамада белгіленген мөлшерде сақтандыру жабуымен көлік құралдарын пайдалану кезінде Үшінші тұлғаларға және жолаушыларға залал келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру. Мердігер Қосалқы мердігерлердің олар пайдаланатын автокөлік құралдарына қатысты осындай сақтандыру түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді

18.1.4. Заңнамада белгіленген сомалар шегінде міндетті экологиялық сақтандыру. Қоршаған ортаны ластауға байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, соның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою бойынша шығындарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру

18.1.5. Мүлікті сақтандыру. Мердігер мүлкінің қалпына келтіру құны негізінде барлық тәуекелдерден мүлікті сақтандыру, соның ішінде Жабдықты Жұмыс алаңына дейін және одан тасымалдау кезіндегі жабу. Мердігер Қосалқы мердігерлердің осындай сақтандыру түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді.

18.1.6. Кәсіби қызмет барысындағы залалдарды сақтандыру;

18.1.7. Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті кез келген басқа сақтандыру түрлері.

18.2. Осы Бапта көрсетілген сақтандыру полистері мен сомалары ең төменгі талаптар болып табылады және жауапкершілікті шектемейді, сондай-ақ егер Шартта өзгеше келісілмесе, Тапсырыс берушіге көрсетілген сомадан асатын кез келген сомаға қатысты жауапкершілік жүктейтін немесе Мердігердің осы Шарт бойынша жауапкершілігін шектейтін деп саналмауы тиіс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

18.3. Шағым-талап болған жағдайда, осы Бапта көрсетілген кез келген сақтандыру полисі шеңберінде сақтандыру өтемінен шегерілетін кез келген сома (мысалы, франшиза) Мердігердің есебінен төленуі тиіс. Мердігер Тапсырыс берушінің өтініші бойынша жоғарыда аталған барлық шегерілетін сомалардың егжей-тегжейін дереу ұсынуы тиіс.

18.4. . Мердігер осы Баптың талаптарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс кез келген сақтандыру түрінде келесі шарттар болуы тиіс: • тиісті сақтандырушылардың Тапсырыс берушіге немесе оның тиісті сақтандырушыларына қарсы суброгация құқығы жоқ. Сонымен қатар, осы Баптың талаптарына сәйкес жасалатын кез келген сақтандыру полисінде Тапсырыс берушінің осындай сақтандыру полистері бойынша қосымша сақтандырылған тұлға болып табылатыны көзделуі тиіс; • сақтандырылғандардың бірінің сақтандырушыға хабарламасы барлық сақтандырылғандардың атынан жасалған хабарлама болып саналады; • бір сақтандырылғанның ақпаратты жария етуден бас тартуы басқа сақтандырылғандардың сақтандыру шарты бойынша талап қою құқықтарына зиян келтірмейді.

18.5. . Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге Мердігердің осы Бапқа сәйкес сақтандыруы тиіс әрбір сақтандыру жабуының түрі мен мөлшерін растайтын сақтандырылған тұлғалардың/мүліктің тізімдерін қоса бере отырып, Мердігердің сақтандыру полистерінің және/немесе сақтандыру шарттарының көшірмелерін ұсынуы тиіс. Осы Бап бойынша талап етілетін сақтандыру жабуларында сақтандырудың күшін жоюға болмайтыны және оның шарттары Тапсырыс берушіге 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жіберілген алдын ала жазбаша хабарламасыз Шарттың қолданылу мерзімі ішінде елеулі түрде өзгертілмейтіні туралы ереже болуы тиіс. Тапсырыс беруші Мердігер орындауы тиіс барлық сақтандыру іс-шаралары аяқталғанға дейін Мердігерді Жұмыстарды орындауға жібермеуге құқылы. Мердігер сақтандыру шарттары бойынша талап қоюға негіз болуы мүмкін кез келген оқиға туралы Тапсырыс берушіні қысқа мерзімде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

18.6. Осы Бапты орындамау ешбір жағдайда Мердігерді осы Шарт бойынша кез келген міндеттемелерден босатпауы тиіс. Егер келтірілген залал немесе шығын үшін жауапкершілікті Мердігердің сақтандыру компаниясы кез келген себеппен мойындамаса немесе Мердігердің осы Бап бойынша талап етілетін сақтандыру полистері болмаса, онда Мердігер өз бетінше жауапты болады және Тапсырыс берушіні осындай бас тартуға байланысты немесе соның салдарынан кез келген жауапкершіліктен, талаптардан, сот талқылауларынан, залалдан, шығыннан, шығыстардан қорғауға, сақтауға және босатуға тиіс. Сонымен қатар, егер Мердігер осы Баптың талаптарына сәйкес сақтандыру жабуын қамтамасыз ете алмаса, Тапсырыс беруші осы Шартта көрсетілген Мердігердің міндеттемелері өзгеріссіз қалатын жағдайда, Шартты бұзу немесе Мердігердің есебінен талап етілетін сақтандыру жабуын алу құқығын өзіне қалдырады.

18.7. Мердігер кез келген Қосалқы мердігерден осы Қосалқы мердігер орындайтын Жұмыстарға қатысты заңнамаға сәйкес сақтандыру мен сомаларды сатып алуды талап етуі тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге осындай тартылған әрбір Қосалқы мердігердің сақтандыру жабуын растайтын сақтандырылған тұлғалардың/мүліктің тізімдерін қоса бере отырып, сақтандыру полистерін және/немесе сақтандыру шарттарын ұсынуға міндетті.

18.8. Тапсырыс беруші Мердігерден және ол тартатын Қосалқы мердігерлерден барлық сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру жабу сомаларын ұлғайтуды талап етуге құқылы.

18.9. Мердігерден Шарт бойынша немесе заңнамаға сәйкес талап етілетін сақтандыру жабулары Тапсырыс беруші ұйымдастырған кез келген сақтандыру жабуынан сақтандыру өтемдеріне Мердігердің қатысуын талап ету құқығынсыз әрқашан негізгі сақтандыру жабулары болып саналуы тиіс.

19. Санкциялық ескертпе

19.1. Тараптар осы Шартты Мердігердің өз бизнесін Экономикалық санкциялар туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып және бұзбай жүргізгеніне, жүргізіп жатқанына және жүргізе беретініне кепілдік беруі негізінде жасайды және адал ниетпен сенеді және осы Келісім күніне Мердігер Экономикалық санкциялар туралы заңнаманы сақтауға және сақтауға ынталандыруға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді енгізді және қолдайды, бұл Экономикалық санкциялар деп АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы немесе кез келген басқа орган, департамент немесе АҚШ үкіметінің, Біріккен Ұлттар Ұйымының, Ұлыбританияның, Еуропалық одақтың немесе Еуропалық одақтың кез келген мүше-мемлекетінің агенттігі басқаратын кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсініледі. Мердігер келесіні қамтамасыз етуге кепілдік береді және міндеттенеді: (a) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да, акционерлерінің ешқайсысы да немесе Мердігер акционерлерінің кез келгені де санкциялар астындағы Тұлғалар болып табылмайды және Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе транзиттік төлем шотын ашуға тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі) санкциялық тізімдеріне енгізілмеген корреспонденттік шот немесе транзиттік төлем шотын ашуға тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын, NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын, сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізім; (b) Шартты жасасу және/немесе оны Мердігердің орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (c) Мердігер Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті күнде және оны осы Шартқа сәйкес нақты орындаған күнге дейін, Мердігердің шоттары, соның ішінде осы Шарт бойынша төлемдерді жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары, ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын, активтерді тоқтату режимі қолданылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізіміне (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады, және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкциялар нысандарының жиынтық тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Implementations in the UK), және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе транзиттік төлем шотын ашуға тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын тізімдерге енгізілмеген; (d) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкциялармен тыйым салынған кез келген тұлғамен немесе ұйыммен ешқандай мәмілелерге немесе келісімдерге қатыспайды және қатыспайды, немесе осындай мәмілелер кез келген тұлғаның Экономикалық санкцияларын бұзатынын немесе Санкцияланған тұлғалардың пайдасына пайдаланылатынын немесе түсіндірілетінін негізді түрде болжауға болатын жағдайларда; немесе (e) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да және (немесе) акционерлері де санкциялар астындағы немесе осындай тұлғалардың игілігі үшін (кез келген жылжымайтын мүлікті қоса алғанда) тұлғалармен кез келген келісімді, мәмілені, уағдаластықты немесе қарым-қатынасты қаржыландырмайды және қаржыландырмайды, не Санкцияланған аумақта немесе Иран мұнайының, мұнай немесе мұнай-химия өнімдерінің қатысуымен; немесе (f) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да және (немесе) акционерлері де кез келген басқа жолмен Экономикалық санкцияларды бұзуға немесе [Қормен] немесе кез келген үшінші тұлғалармен Экономикалық санкцияларды бұзуға ықпал етпеуі тиіс; (g) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да және (немесе) акционерлері де Санкцияланған аумақта орналаспаған, бұл аумақ Экономикалық санкциялар қолданылатын мемлекеттің аумағы болып табылады, егер Санкцияланған аумақта орналасу Экономикалық санкцияларды бұзуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса; (h) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкцияларға байланысты бұғатталған немесе тұтқындалған мүлікке қатыспайды немесе үлесі немесе мүддесі жоқ, егер мұндай бұғаттау немесе тұтқындау Экономикалық санкцияларды бұзуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса; (i) осы Шартқа Мердігер атынан қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне, және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот немесе транзиттік төлем шотын ашуға тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын, сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімге енгізілмеген. (j) Мердігер міндеттенеді:

19.2. Егер Мердігердің кез келген кепілдігі жалған, сенімсіз және (немесе) дәл емес болып шықса немесе осы Шарттың 19.1-тармағында көрсетілгендердің кез келгені Мердігермен қамтамасыз етілмесе, Контрагент екінші Тарапқа осы Шарттың 19.1-тармағында көзделген Мердігердің міндеттемесін бұзуынан туындаған және (немесе) осындай кепілдіктің сенімсіздігі немесе дәл еместігі салдарынан немесе соған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуге міндетті. Мердігердің кепілдігі, екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей. Бұл ретте, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

